



Qúttıqtaw

Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Біз өткен жылға көз жүгіртіп, атқарылған істерді саралап, алдағы мақсат-міндеттерді айқындаймыз. Өтіп бара жатқан 2026 жыл маңызды оқиғалар мен елеулі жетістіктерге толы болды және әрқайсымыздың жадымызда өзінің ерекше сәттерімен сақталары сөзсіз.

Биыл бірқатар айтулы мерейтойлар атап өтілді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы, ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы және басқа да маңызды мерейтойлар кеңінен аталып өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев азаматтардың әл-ауқатын арттыру мәселесіне айрықша көңіл бөліп, еліміздің қарқынды дамуына және қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған бастамаларды жүзеге асыруды тапсырды. Бұл басымдықтар Қазақстанның одан әрі өркендеуіне бағыт-бағдар болып отыр.


Солтүстік Қазақстан облысы үшін 2025 жыл даму көрсеткіштерімен есте қалады. Маңызды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып, жолдар, мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер жөнделіп, жаңалары салынды. Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы бағытындағы кәсіпорындар іске қосылды. Ауалар мен қоғамдық орындарды абаттандыру жұмыстары жалғасын тапты.

Бұл жетістіктердің барлығы — сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің, белсенділіктеріңіз бен өңірдің тыныс-тіршілігіне деген жанашырлық ниеттеріңіздің нәтижесі. Қол жеткізген табыстарымыз — баршамыздың бірлескен еңбегіміздің жемісі.

2026 жыл да еліміз үшін ерекше мәнге ие болмақ — Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 35 жыл толады. Демек, қазіргі қарқынды бәсеңдетпей, бірлесе отырып, бұдан да биік жетістіктерге қол жеткізетінімізге сенімдімін.

Баршаңызға зор денсаулық, бейбіт өмір және ырыс тілеймін! 2026 жыл жаңа идеяларға, маңызды оқиғалар мен жарқын белестерге толы болсын. Әр шаңырақта сүйіспеншілік, татулық пен жылылық орнасын! Жаңа 2026 жыл құтты болсын!

Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.



Turizm

СОЛТҮСТІКТІҢ ИНЖУ – МАРЖАНДАРЫ



Соңғы жылдары облысымыздың туризм саласы тұрақты өсім көрсетіп отыр. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы ұсынған деректерге сәйкес, 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша өңірге 133,8 мың турист келген. Бұл көрсеткіш 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16 пайызға көп. Оның ішінде 7152 адам – шетелден келгендер.

(Жалғасы 6-бетте)

Logistika

ӘУЕЖАЙДЫҢ ӘЛЕУЕТІ НЫҒАЯДЫ

Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов «Қазпошта» компаниясының басқарма төрағасы Бекежан Жәкеевпен кездесті. Кездесу барысында Петропавл қаласының әуежайын өңірлік мультимодальды логистикалық хабқа айналдыру жобасын іске асыру мәселесі қарастырылды.

«Өңіріміздің Ресей Федерациясымен шекаралас болуы, негізгі көлік-логистикалық бағыттардың тоғысында орналасуы жобаны іске асыруға қолайлы жағдай жасайды. Петропавл әуежайының қолданыстағы инфрақұрылымы жүк, әуе рейстерін қабылдауға, жүктерді қайта тиеуге және терминалдық әрі сервистік инфрақұрылымды кезең-кезеңімен дамытуға мүмкіндік береді», — деді өңір басшысы.

Мультимодальды логистикалық хабтың құрылуы — өңіраралық және халықаралық сауда-экономикалық байланыстарды нығайтудағы



маңызды қадам. Бұл бастама біздің облыстың елдегі негізгі логистикалық тораптардың бірі ретіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Кездесуде «Қазпошта» басшылығы компанияның өңірмен ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі екенін

атап өтті. Қазіргі уақытта жобаны одан әрі іске асыру үшін инвесторлар тарту мәселесі қарастырылып жатыр.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі.

Densaulyq

ЕҢ ҮЗДІК АУРУХАНА – ЕСІЛ АУДАНЫНДА

Өңірімізде «МСАК көшбасшысы» байқауының қорытындысы жарияланды. Байқауды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-тың облыстық филиалы ұйымдастырды. Негізгі мақсат – медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету сапасын арттырып, тиімді жұмыс істеп жатқан емдеу ұйымдарын анықтау.

Сайыс 1 тамыз бен 30 қараша аралығында өтті. Байқауға 19 медициналық ұйым қатысты. Оның 13-і – аудандық, 6-уы – қалалық емдеу мекемелері. Қатысушылар арасында жекеменшік мекемелер де бар.

Байқау қорытындысы бойынша 1-орынға Есіл, 2-орынға Ақжар, 3-орынға Уәлиханов аудандық ауруханасы лайық деп танылды.

«МСАК көшбасшысы» байқауы өңірдегі алғашқы медициналық көмектің тиімділігін арттырып, емханалар арасында кәсіби дамуға ынталандыратын орта қалыптастырды. Сонымен қатар медицина қызметкерлерінің біліктілігін шыңдап, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға нақты үлес қосады. Үздік нәтиже көрсеткен мекемелердің тәжірибесі басқа ұйымдар үшін бағыт-бағдар болып, өңірдің денсаулық сақтау саласының орнықты дамуына жол ашады.

Анар ЗИЯДИНА,
«Soltüstik Qazaqstan».